



11 қазан, сәрсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboi@yandex.kz

www.syrboi.kz



www.facebook.com/syrboi.kz/



www.instagram.com/syrboi\_kz



https://twitter.com/syrboi



t.me/syrboi\_kz

Қасым-Жомарт Тоқаев, Қазақстан Республикасының Президенті:

## АЛДЫМЫЗДА ТҰРҒАН ЕҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕ – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ТАТУЛЫҒЫ



– Шын мәнінде, еңбек адамдары – халқымыз үшін ең қажет азаматтар. Ең алдымен, біз еңбек адамдарына құрмет көрсетуіміз керек. Сіздер осы ақ күріштің атасы – Бйырай Жақаевтың жолын жалғай жүріңіздер. Сондықтан мен сіздерді қолдаймын, – деді Мемлекет басшысы.

Дикандар ауыл шаруашылығының дамуына айрықша мән беріп, мемлекет тарапынан қолдау шараларын көбейткені үшін Президентке алғыс айтты. Әсіресе, Су ресурстары министрлігін құру жөніндегі жаңалықты Сыр бойының дикандары қуана қабылдағанын жеткізді. Сонымен қатар олар ауылда жастарға жайлы жағдай жасалғанына, жас мамандардың ел ішінде қызу еңбек етіп жатқанына тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев жастарымыздың еңбеккер, ұқыпты, отансүйгіш болуы керек екенін және оларға арқашан қолдау көрсетілетінін атап өтті.

– Ауылда жастардың жұмыс істеуіне, өмір сүруіне қолайлы жағдай жасалған. Осындай ауылдарды көбейтуіміз керек. Оған шамамыз да, қаражатымыз да жетеді. Кәсіпкерлермен кездескенімде елді мекендерге қаржы салып, көмектесу керек деп үнемі айтып келемін. Нағи Лиясов басқа ауылдарға да үлгі болуы қажет. Сондықтан өзге облыстар да ауылдарды осылай дамытады деп ойлаймын, – деді Мемлекет басшысы.

### МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қызылорда облысындағы маңызды нысандардың жобасымен танысты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Қорқыт ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалының құрылысы жөнінде баяндалды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жаңа терминал жеке демеушінің қаражатына салынып, кейін мемлекет меншігіне өткізілетінін айтты. Жоба құны – 20 миллиард теңге. Оның ішінде 15,7 миллиард теңге – демеушінің әуежай құрылысы үшін бөленген қаржысы. Сондай-ақ жергілікті бюджеттен әуежайдың сыртқы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын жүргізу үшін 4,3 миллиард теңге қаржы бөлінген.

**Кеше Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Қызылорда облысына келді. Мемлекет басшысын облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қорқыт ата» әуежайынан күтіп алды.**

### «ОСЫндай ауылдарды көбейтуіміз керек»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың облысқа сапары Сырдария ауданы Нағи Лиясов ауылының тыныс-тіршілігімен танысудан басталды.

Қазақстанның Еңбек Ері, «Абзал және К» толық серіктестігінің негізін қалаушы Абзал Ералиев Президентке кәсіпорынның табысты қызмет етіп, өңір бойынша ауыл шаруашылығы саласындағы жетекші мекемеге айналғанын жеткізді. Сонымен қатар өнімді еңбектің арқасында туған өлкенің дамуына тұрақты қолдау көрсетіп келе жатқанын айтты.

Президент «Абзал және К» шаруашылығының демеушілігімен салынған ауылдың орталық алаңын, спорт кешенін аралап көрді. Спорт кешенінде жергілікті халық футбол, волейбол, үстел теннисі және күрес түрлерімен емін-еркін шұғылдана алады.

Мемлекет басшысы спорт кешенінде жеткіншектермен әңгімелесті.

– Спортпен шұғылданду керек. Әсіресе, өздеріңіз сияқты жастарымыздың дені сау, мықты азамат болып өсуі қажет. Себебі Қазақстанның болашағы – сіздердің қолдарыңызда. Жастардың дені сау болса, мемлекет те қуатты болады. Сыр елінен мықты спортшылар шыққан. Елі де көптеген чемпиондар шығады деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Содан кейін Президент былтыр ғана бой көтерген «Еңбек аллеясында» еңбек адамдарымен жүздесіп, Қызылорда облысының дамуына баса мән беретінін атап өтті. Сондай-ақ күрделі геосаяси ахуал кезеңінде Қазақстанның өркендеуі жолында елімізді бірлік танытып, еңбек етуге шақырды.







Қасым-Жомарт Тоқаев, Қазақстан Республикасының Президенті:

# АЛДЫМЫЗДА ТҰРҒАН ЕҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕ – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ТАТУЛЫҒЫ

Қазіргі қолданыстағы жылу-электр орталығы 1964 жылы салынған. Бірнеше рет күрделі жөндеу жүргізілгеніне қарамастан, стратегиялық нысанның негізгі және қосалқы қондырғыларының тозу деңгейі 90 пайызға жеткен. Сондай-ақ қаладағы ұзындығы 207,7 шақырым болатын жылу желісінің жартысына жуығы жаңартуды қажет етеді.

Мемлекет басшысы еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін күшейту тұрғысынан бұл жобаның маңызды екенін атап өтіп, Үкімет пен облыс әкімдігіне жылу-электр орталығын белгіленген мерзімде пайдалануға беруді тапсырды.

Бұған қоса, Президентке Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай космодром қалашығындағы ахуал туралы баяндады. Қасым-Жомарт Тоқаев қаланы әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамыту үшін Ресей тарапымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеу қажет екеніне назар аударды.

## ҚҰРЫЛЫС ИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ ҚАРҚЫН

Президент өңірдің құрылыс индустриясын дамытуда маңызды рөл атқаратын Темірбетон бұйымдары зауытының жұмысымен танысты.

«Құрылыс-көлік компаниясы» ЖШС биыл іске қосқан жобаның жалпы құны – 2,6 миллиард теңге. Оның 370 миллион теңгесі «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы қаржыландырылған. Комбинат күніне 200 текше метр темірбетон бұйымдарын өндіреді. Өндіріске қажетті шикізаттар жергілікті жерден алынады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына аймақтағы кәсіпорындардан шығатын басқа да өнім түрлері таныстырылды. Олардың басым бөлігі – құрылыс саласы үшін аса қажетті материалдар. Атап айтқанда,



табақша шыны («OrdaGlass» ЖШС), ПВХ-құбырлары мен фитингтер («КНК Кемикал» ЖШС), қасқалар («NP-Consulting» ЖШС), плитка желімдері мен сәндік сылақтар («Vega-Пром» ЖШС), жол және тротуар бордюрлерін, күм-керамзит блоктарын («Садуақасов Ж.А.» ЖК), қиыршық тастың әртүрлі фракцияларын («Shalkiya Dolomite Operating» ЖШС), терезелер мен айналар («Комфорт КЗ» ЖШС), әк («Орда строй маркет» ЖШС), кірпіш өнімдерін («Мелиоратор» ЖШС) және тағы да басқа бұйымдарды шығарады. Сондай-ақ көрмеге «Dalatex» компаниясының текстиль бұйымдары, «Өркен Әлем» ЖШС шығаратын жеке қорғаныс құралдары қойылған.

Президент кәсіпкерлермен әңгімелесу барысында шағын және орта бизнесті өркендету үшін мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетінін айтты.



## ӨНІРДЕГІ ӨСІМНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Өндіріс орнында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Мемлекет басшысына Қызылорда өңірінің әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны жөнінде баяндады.

Аймақ басшысының айтуынша, Қызылорда облысының жалпы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінде өсім байқалады. Атап айтқанда, өңдеу өнеркәсібі 115,8 пайызға (227 млрд теңге), ауыл шаруашылығы 101,6 пайызға (157 млрд теңге), құрылыс 126,4 пайызға (117 млрд теңге), тұрғын үйлер салу 118,9 пайызға (618 мың ш.м), сауда-саттық 104,1 пайызға (531 млрд теңге) артқан. Негізгі капиталға құйылған инвестиция көлемін биыл 472 миллиард теңгеге жеткізу жоспарланып отыр. Оның басым бөлігі жеке инвестицияларға тиесілі.

Облыста «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында алдағы үш жыл ішінде 21 мектеп салу жоспарланған. Қазіргі кезде Қызылорда қаласында физика-математика бағытындағы мектеп-интернаттың, емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың, Қан орталығының құрылысы жүргізіліп жатыр. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендерде 27 медициналық-амбулаториялық нысан салынууда.

Бұған қоса, өңірде бірқатар спорт және әлеуметтік-мәдени нысан бой көтереді. Атап айтқанда, жырда 7 мың орындық Орталық стадионның, жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталады. Аудандарда



шағын 11 денешынықтыру кешенін салу үшін жергілікті бюджеттен 2,6 миллиард теңге бөлінген. Облыс орталығында салынып жатқан Өнер орталығы жыл аяғына дейін ел игілігіне пайдалануға беріледі.

Нұрлыбек Нәлібаев өңірдің тыныс-тіршілігін түлетуге жергілікті кәсіпкерлер де елеулі үлес қосып жатқанын айтты. Әлеуметтік нысандар салу, демалыс саябақтарын, ойын-спорт алаңдарын, үйлердің қасбеттерін жаңарту, аулаларды абаттандыру жұмыстары демеушілердің көмегімен жүзеге асырылып келеді.

## ДИҚАНДАР ЕҢБЕГІНЕ ТАБЫС ТІЛЕДІ

Мемлекет басшысы Сыр өңіріне жұмыс сапары аясында осы өлкенің брендіне айналған күріш өндірісімен танысу үшін «Алтын орда» зауытына барды.

Кәсіпорын директоры Сағидулла Сыздықовтың айтуынша, зауыт жылына 30 мың тонна ақталған күріш өндіреді. Өнімнің басым бөлігі ішкі нарыққа, сонымен қатар көршілес елдерге өткізіледі.

Дегенмен Президент экспорттық әлеуеті жоғары дәстүрлі күріш шаруашылығын одан әрі жетілдіруге де баса мән беру қажеттігін атап өтті.

Бұл ретте Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты украиндық мамандарымен бірлесіп, күріштің басқа да сорттарын жерсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев осы өндірістік кешен аумағында былтыр іске қосылған «Ассоль» тұз өндіру зауытын да аралап көрді. Аралдың тұзын кәдеге жаратып, ас тұзын шығаратын кәсіпорында 130 адам жұмыспен қамтылған. Өнім көршілес Ресеймен қатар, Латвия, Литва, Эстония, Беларусь мемлекеттеріне экспортталады.

## «АНАҒА ТАҒЫМ» ТӘРБИЕ МЕКТЕБІНЕ АЙНАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қызылорда қаласында жақында бой көтерген «Анаға тағым» орталығын аралап көрді.

Аталған орталық биыл демеушілердің қолдауымен салынған. Жалпы құны – 1 миллиард 700 миллион теңге.


Жобаның мақсаты – ұлттық құндылықтарды ұрпаққа мирас етіп қалдыру, дәстүрлі мәдениетті жаңғырту, әйелдер еңбегін дәріптеу. Сонымен қатар қыз-келіншектер мен аналарды өмірге, тұрмысқа бейімдеу жұмысымен де айналысады.

Президент орталықта қолөнер шеберлері жасаған бұйымдар көрмесін және «Қазақ елінің ұлы аналары» картинасын тамашалады. Содан кейін «Анаға тағым» орталығындағы «Ұлт жақұты» музей залымен, «Мирас» әжелер клубымен, «Жас отау» мектебімен, «Шамшырақ» фото-видео студиясымен, психолог-медиатор кабинетімен танысты.

Мемлекет басшысы мұндай орталық жастарға тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқаратынын айтты.

– Расында, бұл жұмыс өте маңызды. Жастарымыздың арасында ұлттық салт-дәстүрімізді, болмысымызды, тілімізді, ділімізді насихаттауымыз керек. Әйтпесе, дүниежүзінде болып жатқан теріс үрдістерді біз көріп отырмыз. Ондай жағымсыз үрдістер елімізде де бар. Біз олармен күресіп, өзіміздің ұлттық көзқарасымызды дәріптеуіміз қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

1-бет





ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

ІЗГІ МАҚСАТҚА ЖҰМЫЛУ ЖОЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» деп аталатын Жолдауында «...Мен халыққа берген уәдelerімді міндетті түрде орындаймын» деп нақты айтқан болатын. Сонан беріде берілген уәделердің кезең-кезеңімен, жүйелі түрде орындалып келе жатқанын ашық айтуымыз керек. Мен бұл сөздерді артық мақтан үшін айтып отырғаным жоқ. Президент менің және мен сияқтылардың өсіре қоллаушына мұқтаж да емес деп ойлаймын. Біздің мақсатымыз – Мемлекет басшысының Сыр өңіріне сапары қарсаңында соңғы жылдары елде атқарылған ауқымды жұмыстарға қысқаша тоқталу, қайта еске түсіру. Шынтауытында, кейінгі 4 жыл бедерінде елдің тұрмысын түзеу, халықаралық саясат сахнасындағы мәртебесін көтеру бағытында түрлі ішкі-сыртқы кедергілерге қарамастан дәлірек айтқанда, соңғы он жылдарда жасалмаған жұмыстар реформа күйінде өмірге еніп жатқаны рас.

Қасым-Жомарт Кемелұлы алғашқы Жолдауында «Елдегі қоғамдық-саяси өмірді жаңғырту арқылы экономикалық реформаларды табысты іске асыру үшін «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын ұсынды. Сондай-ақ, мемлекет тұрақтылығының негізі ретінде азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын қабылдау қажеттігін алға тартты. Қазіргі таңдағы әлемдік сарапшылардың бағасы бойынша бұл елдің болашағы үшін жасалған алғашқы жемісті қадам болды. Мемлекеттік саясатты жүйелі отыра, экономикаға қуатты серпін беруге қажетті мүмкіндіктер туды десек артық емес. Сол арқылы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылдан бастап елде маңызды саяси, әлеуметтік, экономикалық реформаларды жүзеге асырды. Реформалардың түпкі мақсаты – халықтың тұрмыс деңгейін көтеру, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтарымыздың өзін-өзі дамытуына қажетті жағдайлар жасау.

Бүгінгі күннің бйігінен қарасақ, қысқа уақыт ішінде саяси институттар реформаланып, Президентің өкілеттілігі шектелді. Қазақстан «суперпрезиденттік» үлгіден мықты Парламентті бар Президенттік Республикаға көшу идеясын іске асырды. Президенттің бірқатар өкілеттіктен бас тартуы демократияға нақты қадам болғанын сарапшылар айрықша атап өтті. Ата Заңымызға бұдан да басқа өзгерістер енгізіліп, саяси және экономикалық жүйе қайта жаңғырды. Ата-бабаларымыздан мұраға қалған ең байлықтың үстінде отырсақ та бақуатты тұрмыста өмір сүре алмауымыздың бірден-бір себебі саналатын жемқорлықпен күрес күшті

қолға алынды. Әділдік, заң үстемдігі, теңдік және әділ сот жүргізуге бағытталған реформалар өмірге енді. Олардың жүйелі жүргізіліп, күткен нәтиже беруін қамтамасыз ететін Реформалар жөнінде жоғарғы кеңес құрылды. Орайы келгенде айта кетейік, Президенттің төрағалығымен өткен кезеңтің кейінгі отырысында мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін арттыру, инвестициялық саясатты жетілдіру мен көптен көтеріліп келе жатқан «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы реформалау мәселелері қаралған. Нәтижесінде «КазМұнайГаз» АҚ, «Эйр Астана» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Qazaq-Gaz» АҚ сияқты компаниялар IPO-ға шығарылатыны және осындай шешімнің арқасында «Самұрық-Қазына» Ұлттық қорға 500 миллиард теңге бөле алатын деңгейге жететіні белгілі болды.

Мемлекет басшысының бастамасымен атқарылған игі істердің қатарында 2020 жылдан бері мұғалімдердің жалақысы екі есе өскенін атап өту орынды. Бұған қоса дәрігерлердің айлығы да айтарлықтай көбейді. Қазір олардың табысы еліміздегі орташа жалақыдан жоғары. Жұртқа зейнеткерің жинағының бір бөлігін пайдалану мүмкіндігі берілді. Миллионға жуық адам осы жобаның игілігін көрді – тұрғын үй мәселесін шешіп, баспанала болды. «Жайлы мектеп» жобасы қолға алынды. Ол жоба бойынша елде алдағы уақытта 400-ге жуық мектеп салыну көзделген. Бүгінгі күні ауылдық жерлерде 300-ден астам денсаулық сақтау нысаны салынып жатыр. Сондай-ақ, балалардың болашағын баяндай ету мақсатында «Ұлттық қор – балаларға» жобасы енгізіліп белгілі. Игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген 8 миллион гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Шетелдерге ұрлық арқылы шығарылған қаражатқа



қатысты тиісті заң қабылданды. Бұл бағытта да жұмыстар ретті жүргізілуде. Әрине, оның жылдамдығы біз күткендей тез бола қоймас. Себебі, шетке шығарылған қаражаттың мемлекет қазынасынан ұрланғанын дәлелдеудің өзі заңгерлер үшін оңай шаруа емес күсәйды. Бұл жұмысқа сарапшылардың пікірінше, ондаған жылдар кетуі мүмкін. Дегенмен, заң бар, саяси ерік бар. Нәтиже күтеміз.

Президент 2022 жылғы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында «Біз қоғамға ірікті салуды емес, елді ізгі мақсатқа жұмылдыруды ойлауымыз керек. Әділетті Қазақстан идеясының түпкі мәні – осы» деген болатын. Жолдауда көтерілген ең өзекті тақырыптың бірі сайлау жүйесінде жаңартылып болды. Бұны елдегі саяси реформалардың қисында жалғасы болды деген орынды. Әрине, дамыған елдердің қатарына қосылу үшін тек саяси өзгерістермен шектеліп қалу жеткіліксіз. Бұл өзгерістер эволюциялық жолмен әлеуметтік-экономикалық реформаларға ұштасқаны абзал. Мемлекет басшысы билығы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында «Бытұр Қазақстанның ішкі жалпы Ұнтымақтастық Ұйымы сияқты халықаралық құрылымдарда жаһандық проблемаларға әлем халқының

Бұл – рекордтық көрсеткіш. Сыртқы сауда-саттық бұрын болмаған деңгейге, яғни 136 миллиард долларға жетті. Оның 84 миллиарды – экспорт. Сыртқы қорымсы 100 миллиард долларға жуықтады. Бұл, ең алдымен, экономикалық тұрақтылығымыздың аса маңызды кепілі екені сөзсіз» деген болатын. Экономика саласына серпін беруге қажетті жағдайдың қалыптасқанын айта келе, Президент «...Біз біртіндеп жаңа экономикалық үлгіге өтуіміз керек. Бұл жұмысты баулау жүргізуіміз қажет. Басты мақсат – қағаз жүзіндегі биік жетістіктерге қол жеткізу емес, шын мәнінде халықтың тұрмыс сапасын жақсарту болуға тиіс. Әділдік, инклюзивтік және үнемшілдік жаңа экономикалық бағдарымыздың өзегіне айналады» деді.

Тәжірибелі саясаткер ғана емес, халықаралық деңгейде мойындалған кәсіби дипломат ретінде К.Тоқаев мемлекетшілдік және халықаралық саясатта әлемде болып жатқан күрделі оқиғаларға, Адам өміріне қауіп төндіріп отырған ғаламдық мәселелерге қатысты қажет шешімдердің қабылдануына ұйытқы болды.

Орталық Азиядағы бауырлас елдермен аймақтық әріптестік орнатуға баса көңіл бөлінсе, БҰҰ, Шанхай Ұнтымақтастық Ұйымы сияқты халықаралық құрылымдарда жаһандық проблемаларға әлем халқының

мақсаттарға ұйыстыратын бірегей құрылым – Ұлытау мен Түркістанда өткен құрылтайларда ортаға салды. Ұлт жаныштарының ұсыныс-тілектерін мұқият тыңдады. Ол өзінің 16-17 маусымда Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде «Біз Ата Заңымызға әділдік рухын сіңіре отырып, конституциялық реформа жасадық. Бұл өзгерістер мемлекеттіміздің тұғырын бекіте түсті. Сонымен қатар еліміздің ұзақ мерзімге арналған демократиялық бағдарын айқындап берді. Биліктің басты институттары қысқа мерзім ішінде мүлде басқаша сипатқа ие болды. Шешім қабылдау үдерісіне азаматтардың қатысу мүмкіндігі едәуір кеңейді. Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесі нығайды. Осының бәрі еліміздің саяси құрылымын орнықты және тиімді етіп қайта құруға септігін тигізді. Барына әділ, ашық әрі бәсекеге лайық жүйе қалыптасты» деп өмірге енген реформалардың күткен нәтижеге әкелгенін айрықша атап өтті.

Ресейлік саясаттанушы және саяси технолог, публицист, «Саяси сарапшылар тобының» жетекшісі Константин Калачев 2023 жылдың шілдесінде өзінің Telegram каналында:

«Бір жыл бұрын Қазақстан Президенті Тоқаев үкіметке Ресейден кеткен шетелдік компанияларды көшіру үшін елде жағдай жасауды тапсырған болатын. Содан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев болып жатқан жағдайды «инвестициялық капитал үшін жаһандық күрес» деп атап, Қазақстан үшін «жақсы мүмкіндіктерді» көрді.

• Қазақстан экономикасы бірінші жартыжылдықта 5%-ға өсті.

• Негізгі капиталға инвестицияның өсу қарқыны 13%-ға құрады. Қантармамыр айларында сыртқы сауда айналымы 8%-ға өсіп, 55,8 млрд долларды құрады.

• Мемлекеттік бюджетті толықтыру жоспары 102,3%-ға орындалды. Тоқаевтың жоспары – Қазақстанның дамуы. Бәрі ойдағыдай» деп пікірін білдірген.

Әлемдік деңгейдегі бірнеше сарапшылардың біздің Президентімізге қатысты пікірлерінің дені оның болмысынан адами құндылықтардың кемелдігін, рухани байлығының жоғары екенін байқауға болатынын айтады.

Нұрлыбек Мыңжас, тарих ғылымдарының кандидаты, «Құрмет» орденінің иегері

МАҒЖАН СЕНГЕН ЖАСТАРМЫЗ!

«Жаңа Қазақстан» – ерекше идея мен қоғамға жаңашыл көзқарасты, жастар мен заман талабын, қоғам құндылығын қорғайтын, тәуелсіздік пен еркіндікті елеулі ететін жаңа кезең. Бүкіл қоғамның жеке құқығын негіздеуші күшке әрқайсымыз айқын да сенімді қарағанымыз жөн. Өз ойын, өз мақсатын ашық, анық жеткізген тұлға ғана қоғамға әсер етпек.

Сан ғасырлар бойы қазақ санасында сақталған «Алаш» сөзі ұлтымыздың жадында деп білемін. Қазақ қонақжайлығымен, қамқорлығымен қайырым қылғанымен, оны қорқақтық пен ынжықтық деу қате. Мына жатқан Ұлы далада, бабалардың қаны тамған жерде ертеңгі ойлаған. Тәуелсіздік, келешек ұрпақтың кемелдігі үшін Желтоқсанда жаужүрек жастар алаңға шықты.

Ендігі кезек жаңа заманның жаңа жастарында. Қазақ баласының санасына ең алдымен қазақы болмыс қалыптастыру керек. Ұлт өз тілін, дінін сақтап қана ұлт болып қалмақ. Қазіргі қазақ қоғамында қазақы салтты ұмытқандар қаншама, онымен қоймай өзге жастардың да мыын ұлап, сол жолға ітсермелейді. Осындай адаласушы жолға түспес үшін саясат пен қоғамды жіті танып, елде не болғанынан хабардар болып, кітапты көп оқыған абзалырақ. Әр отбасы өсіп келе жатқан жас қанаттарына ненің ақ, ненің қара екенін анық айтса, тәрбиетәғлым, мәдениетті үйретсе, ол баланың рухы биіктейді.

Әбу Насыр әл Фараби «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген екен. Ал «Алаш» партиясының көсемі Әлихан Бөкейханұлының «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген асыл сөзі бар. Адам ең алдымен өзін, содан соң әр отбасы ұрпағының тәрбиесі мен тәліміне, мінезіне ерекше ден қоюы керек. Заманауи болмыз деп қазақилығымызды жоғалтпайық, ұл-қызмызды ағылшына емес, орысша емес ең бірінші қазақша оқытайық. Жалындаған жастар жарқын болашаққа ұмтылса, «Жаңа Қазақстанның» жанағын күллі әлемге танылмақ. Жалынды, айбынды жастар жаңашылдықпен жана дүниелер ойлап тапса да өз тілін ұмытпаса екен.

Айған НУРЛАН, дарынды қыз балаларға арналған «Білім-инновация» лицейінің 11 «А» сынып оқушысы Астана қаласы

ЖАҚСЫ АДАМ КҮН СИЯҚТЫ

«Көзден кетсе, көңілден де кетеді» дейді қазақ. Шынында солай ма?! Ой таразасына салып көрсек, көзден кеткенімен көңілден кете қоймайтын, қайта уақыт өткен сайын санада жаңара, жаңғыра түсетін есімдер болады екен. ХХ ғасырдың 20-40 жылдарындағы ең ауыр кезеңде ауылдық кеңес төрағасы, колхоз төрағасы қызметтерін атқара жүріп, ел дамуына елеулі еңбек сіңірген Мыхан Ерниязулы – өзі өмірден өткенімен, елге жасаған жақсылығы, игілікті істері мен ізгілігі мол адами бітім-болмысы ұмытылмаған, бірнеше буын ұрпақ ауысқанымен, ел аузында аңызға айналған адам. Оның 130 жылдық мерейтойы қарсаңында көзін көріп, тәлім-тәрбиесін алған жалағаштық ақсақалдармен пікірлестік. Барлығы «Ел-халқына еңбегі сіңген, жақсы адам еді» деп еске алады.



мол, адамшылықтан аттамаған, кісі ақысын жемейтін адал, әділ адам еді. Қонақжай, көпшіл, қоғамшылығы оның өз замандастары арасында бағасын арттырып тұратын. Онысымен қоса көрген-білгені көп, әңгімешіл, ертеден келе жатқан ата-баба тарихына, ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа байланысты есті, ғибратты әңгімелерді көп білетін. Сондықтан болса керек, Ернияз отбасының қазаны ешқашан оттан түскен емес. Жасы кішілері амандық-саулық сұрасып, жасы үлкендері «Інісі бардың, тынысы бар» деп осы қарашаныраққа көп келетін. Жолаушылап жолға шығатын ауыл жастарының Ернияз ақсақалдан бата алмай шықпайтыны тағы бар. Ауыл арасындағы үлкенді-кішілі дау-жанжалдар да осы шаңырақта шешімін тауып, екі жақ ризаласып жататын.

Осындай өнегелі отбасынан, текті әулеттен шыққан Мыхан Ерниязулы ХХ ғасырдың 30-жылдарынан бастап ел басқару ісіне араласқан. Бұл ел өміріндегі ең ауыр кезең болатын. Алғаш колхоз төрағасының орын-басары қызметін атқарған ол 1933 жылы «Қызыл ту» ауылдық кеңесінің төрағасы болып сайланды. Осы қызметті 1938 жылға дейін атқара жүріп, ауыл өмірінің әлеуметтік дамуына, ел ішін жайлаған ашаршылықтан тұрғындарды аман алып

қалуға ерекше үлес қосады. Оның ел басқарудағы ұйымдастырушылық қабілеті ескеріліп, 1938 жылы К.Маркс колхозының төрағасы (қазіргі Жалағаш ауданы Бұқарбай батыр ауылы) қызметіне тағайындалды. 1945 жылға дейін осы қызметті абдыроймен атқарды.

Мыхан Ерниязулының Сыр өңіріне күріш дақылдан алғаш жерсіндірудегі еңбегі де ерекше. Алғашқы жылдардан бастап К.Маркс колхозының күрішшілері жоғары өнім жинап, мемлекет қамбасын астықпен толтыруда көзге түседі. Соның нәтижесінде күрішші Айымкүл Ізтілеуова Қазақ ССР Жоғарғы кеңесінің депутаты болып сайланды. Ол басқарған жылдары колхоз аудан көлемінде алдыңғы қатарлы шаруашылыққа айналды. 1959 жылдан партия мүшелігіне кандидат болған Мыхан Ерниязулы 1942 жылы партия қатарына өтеді. Ол уақыт үшін коммунистік партия қатарында болу оған артылған үлкен сенім болатын.

Ұлы Отан соғысының ең қиын күндерінде Мыхан Ерниязулы ел басқара жүріп, Кеңес әскеріне, жауынгерлерге көмектесуге де субелі үлес қосты. Кеңес әскеріне танк, әскери ұшақ жауға қаржылай көмек көрсеткені, жауынгерлерді жылы киіммен қамтамасыз етуге үлес қосқаны туралы сол кезеңдердегі аудандық «Күрішшілер», облыстық «Ленин жолы» газеттерінің беттерінде жарық көрген.

1945 жылдан зейнетке шыққанға дейін қайтадан К.Маркс атындағы ауылдық кеңес төрағасы қызметін атқарған. Сонымен бірге Қызылорда облысындағы ең ірі жоба «Тасбөгет» су торабын салуға, «Шіркейлі» каналын қазуға да белсене араласқан.

Тектілік – адам бойындағы асыл қасиеттердің ұрпақтан ұрпаққа рухани сабақтастықпен берілуі. Ол кездейсоқ қалыптаспайды, дүниетанымдық та, дилік те, психологиялық бейімділік те қан арқылы беріледі, әрине, отбасындағы тәрбиенің де орны ерекше. Өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы Мыхан Ерниязулы ел басқарудағы қабілетімен, жер-суды, шаруашылықты жақсы білетінімен, жаңашылдығымен көзге түссе, арада бір ғасыр өтпей-ақ, ата бойындағы

осындай қасиеттер ұрпақ қанында ойнап шықты.

Ақмырзасы ағарту ісімен айналысты, білімді ұстаз ретінде жастайынан жарқ ете қалды. Кенжесі Сартай өзінің саналы ғұмырын елге қызмет етуге арнады. Әр жылдары бас зоотехник, совхоз директоры, аудандық ауыл шарушылығы басқармасы бастығының орынбасары қызметтерін атқарды. Немерелері Сапарбек, Алматыбек, Бердібек, Тапталтар нарықтық қатынасты қатарының алды болып игерді. Үш буын өкілдері де қарға сияқты барды бауырына басып жеген жоқ, сұңқар сияқты шашып жеді, өздерінің іскерлігімен, адалдығымен, енебекшітігімен ата даңдына дақ түсірмеді.

Бәйтерек бұтағымен мықты. Тамырын тереңнен алып, бар нәрін тек бұтағына беруге тырысатын ағаштың ұзақ жасау, өмірінде ғұмырлы болу, әр бұтағының бір-бір дармақа айналу, күн, ай, жыл, тіптен ғасыр өткен сайын ашпырағын жайып, құлпыра түсу себебі де осындай қасиетінен болса керек. Бір қарағанда, адам өміріне де ұқсайтындай. Жер бетіндегі барлық тіршілік иесінен адамзат баласының ең басты айырмашылығы өз ұрпағы үшін өмір сүруінде шығар. Мыңжылдық ғұмыр дереуіміз де әке жаққан оттың өшпеуі, сол негізін қалаған қарашанырақтың егесіз қалмауы, ұрпақтар сабақтастығын үзіп алмай жалғастыра алуы шығар. Ең бастысы, ата даныққа, әке атына кірмейтін, арына дақ түсірмей, өмір жолымен өз ұрпағына өнеге бола алуында.

Шүкір, Мыхан ұрпағы атадан балаға ұласқан адамгершілік жолын, жібек желідей тартылған парасат даңғылын, азаматтық бітім-болмысты биік қойған өнеге мектебін жалғастырып келеді. Бүгінде Сыр өңіріндегі белгілі әулетке айналған Мыхан ұрпақтары дегенде ең алдымен, ойға оралатыны – бақытты, дәулетті, өнегелі, шарапаты мол жандар.

Ғабит ӘНЕШҰЛЫ, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі





# Сумен жабдықтау басқармасы

Қазақ КСР Министрлер кеңесінің 1972 жылғы 29 ақпандағы №122 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының жайылымдардағы суару құрылыстары мен суару учаскелерін пайдалану және техникалық қадағалау басқармасы, Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 1972 жылғы 17 наурыздағы бұйрығымен Қазалы шаруашылық секциясы ұйымдастырылды.

Қызылорда қалалық суару құрылыстары мен суару шаруашылығын пайдалану және техникалық қадағалау басқармасы Қызылорда облыстық ауыл шаруашылығы сумен жабдықтау құрылымын пайдалану басқармасы болып атауы өзгертілді.

Облыстық ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау басқармасының қарамағында Қызылорда жөндеу-құрылыс басқармасы, Қазалы шаруашылық жөндеу-құрылыс учаскесі және Қармақшы шаруашылық жөндеу құрылыс учаскесі болды.

Бұл бөлімнің функцияларына жайылымдардағы суару құрылыстары мен суару учаскелерін күрделі жөндеу және күтіп ұстау, совхоздарды, колхоздарды және басқа да ауылшаруашылық мекемелерін сумен қамтамасыз етудің дұрыс жұмыс істеуін бақылау, ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыз ету объектілерінің сапасын тұрақты бақылау жұмыстары кірді.

1972-1974 жылдары Қызылорда облысында су басқан жайылымдарда төрт мыңнан астам шахталық, бір мың құбырлы құдықтар салынды.

Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігінің жайылымдардағы суару құрылыстары мен суару учаскелерін пайдалану техникалық қадағалау басқармасы Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Казгласельхозводоснабжение» ауыл шаруашылығы сумен жабдықтау құрылыстарын пайдалану жөніндегі Қызылорда облыстық басқармасы болып өзгертілді.

1975 жылы 21-і ауылдық елді мекендерде, 101-і жайылымдық жерде 122 құбырлы құдық және 300 шахталық құдық іске қосылып, 275 мың гектар жайылым суарылды.

1980 жылдың 1 қаңтарына облыста 100 шаруа қожалығы жұмыс істейді, оның ішінде 66 кеңшар, 34 мал шаруашылығы, 24 күріш шаруашылығы, 8 басқа да совхоздар, 22 басқа шаруашылық бойынша, мелиорация және Су шаруашылығы министрлігінің 10 совхозы және КСРО Қорғаныс министрлігінің екі совхозы болды.

Өңірдегі жайылымдық жерлердің үлкен көлемі жерасты сулары негізінде суарылады. 1983 жылы қызмет көрсетілетін ауданның шаруашылықтарында айналма және ауызсу нысандарында 2973 дана шахта, 728 құбырлы құдық және 120,6 шақырым су құбыры болды, әкмішілік аппаратының штат саны 20 адамнан тұрды.

Агроөнеркәсіптік комитеттің құрылуына байланысты, Қызылорда облыстық ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыз ету басқармасы таратылды.

Облыстық архив қорынан



Нұрлыхан ШАРХАН, дзюдошы:

# ЕЛ АБЫРОЙЫН АСҚАҚТАТАР ДОДАЛАРҒА ДАЙЫНМЫН

дзюдоға ден қойдым. Солай дайындалып, республикалық және облыстық жарыстарға қатысып, жеңіске жете бастадым. Бапкерімнің көмегі көп тиді. Токтаусыз дайындықтың арқасында бірнеше рет ел чемпионатында жеңімпаз атандым. Соңғы 3-4 жыл көлемінде шетелдердегі үлкенді-кішілі жарыстарда жеңіс тұғырынан көрінген сәттерім бар.

– Кейде тәжірибенің жетіспеушілігі сеніміңді тудырады. Қарсыластан тартынып немесе соның сесі басатын кездер бола ма?

– Спортқа енді кірісіп жүргенде кәдімгідей қорқасқатайтымын. Өйткені небір Әлем чемпионы, спорт шебері атағын алған мықтылармен бетпе-бет келетінмін. Бірақ кішкентайымнан мінезді, рухты болғасын ба ешкімге иліге қоймадым. Сөздің ашығы, бозкілемге шыққанша жүрек дүрсілдеп, терлеп-тепшіп біраз тартыну болады. Алайда, оның бәрін күрес үстінде жеңемін.

Ал Қытайдағы бәсекеге келсек, бәрі шетінен Әлем не Азия чемпионаттарында топ жарған сандақтар. Бірақтар спортшымен бұған дейінгі додаларда жолым түйіскен. Сондықтан толқу болған жоқ. Әуелі Олимпиада және Әлем чемпионы Аарон Вольфты жолынан ығыстырдым. Жартылай финалда өзбек балуаны Музафарбек Туробоевқа шамам жетіңкіремей қалды. Қола медаль үшін күресте Оңтүстік Корея спортшысы Вон Джон Хунның өзі біраз қарсылық көрсетті. Қол оңтайлы сәтте, өз мүмкіндігімді пайдаланып үлгердім. Ханчжоуға қола емес, алтын алам деп барғанмын. Бірақ бұйырғаны осы болды.

Сырбойлық спортшылардың жеткен жетістігі мен шыққан белесі аз емес. Соның бірі, өлемнің небір мықтыларымен түрлі додаларда бақ сынасып, ел мерейін асырып жүрген дзюдодан Азия ойындарының қола жүлдегері – Нұрлыхан Шархан. Қазақстан және Әлем чемпионаттарында қарсыластарына дес бермей, биік тұғырдан көрініп жүрген спортшы Ханчжоуда 100 келі салмақтағы бәсекеде қола жүлде иеленді.

– Осы кезге дейін талай долада топ жарып келесіз. Жалпы осы спорт түрін таңдауыңызға біреудің ықпалы болды ма? Спортпен қай кезде бастап айналыстыңыз?

– Мен каламыздағы Жалантөс Баһадүр мектеп-интернатының түлегімін. Негізінен спортпен мектеп жасынан айналыса бастадым. Өзім о баста футболшы болсам деп армандалдым. Алайда, үлкен ағамның айтуымен самбоға қатыстым. Алғашқы кездері оған икемім келе қоймады. Кейін

## ДЕНСАУЛЫҚ

# ПАЦИЕНТТЕРДІҢ ШАҒЫМЫ КӨБЕЙГЕН

Биыл 9 айда әртүрлі байланыс арналары арқылы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының облыстық филиалына 6 072 өтініш түскен. Оның 461-і – медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігіне байланысты шағымдар. Бұл көрсеткіш 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1, 3 есеге жоғары.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының міндеттерінің бірі – пациенттердің құқығын қорғау. Күн сайын қор 1414 байланыс орталығы, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы, fms.kz ресми сайты және Telegram-дағы @SaqtandyruBot ресми байланыс арналары арқылы өтініштер қабылдайды. Филиал директорының айтуынша, пациенттер медициналық көмектің сапасыз көрсетуіне немесе одан бас тартуына, консультация-диагностикалық қызметтерді ұзақ күтуіне, мамандарға жазбаның болмауына шағымданды. Шағымдардың негізгі себептері – тағайындалған еммен, қойылған диагнозбен келіспеу, дәрігердің медициналық қызметтерге жолдама беруден бас тартуы, бейінді дәрігердің консультациясын немесе диагностикалық тексеруді күту, өңірде қажетті мамандардың болмауы. Қор әрбір шағым бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргізеді. Біз пациенттерді өз құқықтарын білуге және олар бұзылғанда жағдайды сол жерде шешу үшін алдымен медициналық ұйымның өзіндегі пациенттерге қолдау көрсету қызметіне жүгінуге шақырамыз. Бұл қызмет барлық емханалар мен ауруханаларда бар. Егер мәселені сол жерде шешу мүмкін болмаса, қорға хабарласу қажет, – дейді Бақыт Исмаханбетов. Өтініштерді талдау қорытындылары бойынша пациенттердің құқықтарын бұзбау немесе алдын алу үшін қор клиникалармен қажетті жұмыс бағыттарын анықтайды. Бұл үшін апта сайын семи-

нарлар ұйымдастырады, медицина қызметкерлерін оқыту бағдарламаларын түзетеді, тестілеу өткізеді, қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар береді. Сондай-ақ, медициналық ұйымдарда қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін тұрақты түрде «Жасырын пациент» акциясын өткізеді. Қор қызметкерлері медициналық ұйымдарға жасырын қонырау шалу арқылы тіркеу мамандары мен медицина қызметкерлерінің медициналық сақтандыру жүйесі, МӘМС пен ТМҚК кіретін медициналық қызметтер, медициналық көмек көрсету стандарттары, сондай-ақ, пациенттердің сақтандырылу мәртебесі мәселелері туралы біліміне мониторинг жүргізеді.

Сұхбаттасқан Актілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

## МУЗЕЙДЕГІ МҰРА

Халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде пайдаланған құралдарының бірі диірмен – ас арқауы бастау алар құрал. Технологияның қарыштап дамыған тұсында диірмен тасы қажеттіліктен тыс қарылап қалғаны рас. Дегенмен, ата-әжелеріміздің қажеттілігін қамтамасыз еткен құралды біз ұмытпауымыз қажет.

# Қолданыстан шыққанмен, көзге ыстық



Өскеген ұрпаққа музей арқылы тарихты ұғындыру мен олардың құндылығын насихаттап отыру міндетіміз. Өте әріге кетпей-ақ, тоқсаныншы жылдардың бас кезінде елде тоқырау болғаны бәріміздің есімізде. Сол уақытта әсіресе, ауылдық жерлерде диірменмен ұн, талқан тартқан отбасылар көп болғанын көзіміз көрді. Табиғи өнімнің дәмін татқанымыз әлі де есімізде. Сондықтан диірмен тасының киесі мен қасиетін өскеген ұрпаққа насихаттау – аға буын бізге тиесілі міндет.

Сөзімізге тұздық болар келесі бұйым – келі-келсап. Халқымызбен бірге жасасып келе жатқан келінің атқарар қызметі алдыңғы айтқан диірмен тасының қызметімен ұқсас. Келі дақылды ұсақтап майдалап берсе, диірмен ұн етіп тартып шығарады. Бірі бірінсіз дәлді дайын өнімге айналдыра алмайды. Осы екі құралдың қызметіне қарап отырып осы күнгі ұн зауыттарының тұтас бір қызмет жасау механизмін түп тамырын аңғару қиын емес шығар. Естеріңізде болса, тары түйген кезде дақыл бірден майдаланып кетпес үшін келі түбіне тұтқыш салынатын. Тұтқыш киіз қиындысынан қиып жасалып, келі түбіне салынады. Қызметі жана айтқандай дақылды жұмсақ күйінде қаузынан ажыратуға қолданылады. Тұтқышпен түйілген дақыл жарақатсыз әдемі күйінде пайдалануға ұсынылады. Міне, екі бірдей құралдың бір-бірімен үйлесімді қызметі осындай. Бүгінгі ұрпақ мұны да біле жүргені абзал.

Жайлауына қараша үй тіккен халықтың отау маңына сан келтірген құралдардың бірі – күбі. Күбін жасауда дана халқымыз өте мұқияттықпен қатар астың сапасын жоғалтпауды басты назарда ұстаған. Бұл сүт өнімдерін дайындау құралы болғандықтан оны таза ағаш материалдарынан жасаған. Ағаш ылдыстағы ас көп аса бузыла бермейтіндіктен күбін де, астау тегештерді де малдың іш майымен майлап, таза жерде сақтаған. Күбін қазіргі сепаратор құралының алғашқы нұсқасы десек қателеспейміз. Піспек арқылы ішіндегі қаттықты шайқау тәсілімен айран дайындалады. Сонымен қатар бір мезетте сары майын айырады.

Піспек – күбі бойынан шамамен 40-50 сантиметр ұзынша келген жұмыр ағаш. Қолға ұстауға ыңғайлы, әрі жеңіл, басына крест тәрізді кесе ағаш орнатылған арнайы құрал.

Ал айран бетіне түскен сары майды реттеп алу үшін аттау деп аталатын құрал пайдаланылған. Аттау – ұршық тәрізді жіңішке ағаш басына ірі қара малдың мүйізінен кесіп орнатылған кесіндісі бар арнайы құрал. Қызметі – екі қолдың алақанымен ысқылау арқылы ыдыс ішіндегі айран бетінен майын айыру. Қарап отырсақ, осындай құралдар арқылы сүттен жасалатын түрлі өнімдерді дайындау – түсінген жанға өз алдына бір ғылым. Халықтың ой-өресінің биіктігін, ақыл-ой парасатының тереңде жатқанын, жан тазалығымен бірге өмір сүру дәстүріндегі тазалықтың айна қатесіздігін аңғару қиын емес.

Халқымыздың мәдениетін айшықтайтын құралдардың және бірі – шоқ үтік. Хан-қаралар, би-болыстар, ақын-жыраулар, бір ауызбен айтқанда дала данышпандары ұлттық мәдениеттің айнасы болды. Азаматы зерлі шапан, қамқа тон киген, өйелдері келісті қимешек пен оқа зерлеп, қамзол жамылған халықтың мәдениетін өзге жұрттан төмен санай алмаймыз. Күнделікті тұрмыс-тіршілігінде шоқ үтікті көп пайдаланған. Шоқ үтік сол дәуірдегі темір ұсталарының қолынан шыққан. Үстіңгі беті ашылып, ішіне сексеуіл шоғын салып қыздыру арқылы қимдерін сөнге келтірген. Шоқ үтіктің де тұр-түрі болғаны бізге мәлім. Біріншісі – таза темір металдан құйылған үтік болса, бергін келе ұсталар оны екі ашпалы, ішіне шоқ салу арқылы қызатын етіп жетілдірген түрін ойлап тапты. Ал құйма үтік жанып тұрған отқа қою арқылы қыздырылып пайдаланылды. Екі ашпалы шоқ үтіктің өзін жасауда ұсталар ішіндегі шоқ ұзақ уақыт жанып тұруы үшін жанынан ауа кіретін арнайы тесіктер қалдырған. Міне, осындай ой-өре билігіндегі халықтың тұрмыс-тіршілігінде тұрмыстық бұйымдарды ұлттың құндылығын деуге толық негіз бар.

Ақзира САРМАНТАЙ, Ғ.Мұратбаев мемориалдық музейінің ғылыми қызметкері

Газетіміздің келесі саны 14 қазан, сенбі күні шығады.

## ДҮНИЕ ДҮРМЕК

# ТАЯУ ШЫҒЫСТА ТАҒЫ ШИЕЛЕНІС

Қазанның 7-сі күні таңертең ХАМАС Израильге шабуыл жасады. Содырлар қалаларды атқылап, елге кіріп, адамдарды кепілге алды. Кепілге алынғандардың нақты саны әзірге белгісіз. Екі тарап та болып жатқан оқиғаны соғыс деп атайды. Ал Израиль Газа секторына қарсы шабуыл жасауда. Екі жақтан да зардап шеккендер мыңдап саналады.

Сенбі күні содырлар Израильге зымыранмен шабуыл жасады. Артында Израиль ресми түрде «соғыс жағдайы» режимін енгізді. Жексенбі күні кешке израильдік БАҚ қанды қақтығыстардың екінші күні Палестина исламдық қарсыласу қозғалысының (ХАМАС) Израильге бұрын-соңды болмаған және тосын шабуылынан қаза тапқандар санының 700-ге жеткенін хабарлады. Газа секторында да жүздеген адам қаза тапты. Газадан Израильдің оңтүстік және орта-

лық аймақтарына 3 мыңға жуық зымыран атылған. Жексенбі күні кешке Израильдің Денсаулық сақтау министрлігі Израиль ауруханаларындағы жараланғандар санын жаңартты, кемінде 2243 адамның жараланғанын, оның 22-сі ауыр халде екенін хабарлады. Осы уақытта Газадағы Палестина Денсаулық сақтау министрлігі таратқан мәлімдемеге қарағанда, Израильдің әуе шабуылдары кем дегенде 370 палестиналықты өлтіріп, тағы 2200-ді жаралаған. Дүйсенбі күні таңертең Изра-

иль әскерінің ресми өкілі барлық елді мекен бақылауға алынғанын және Израиль аумағында әскери іс-қимыл жүргізіліп жатқан жоқ деп мәлімдеді. Дегенмен Израиль аумағында әлі де ХАМАС әскері болуы мүмкін екені айтылады. Сейсенбі күні ХАМАС Тель-Авивтегі әуежайға зымыран ұшырғаны белгілі болды. Сондай-ақ Израиль қорғаныс министрі Йоав Галлант Газаның толық оқшауланғанын мәлім етті. Ол жақта жарық, тамақ және отын жоқ. Ал кеше БҰҰ-ның гуманитарлық істерді үйлестіру басқармасы Газа секторындағы жаппай қоныс аударған тұрғындар соңғы 24 сағатта 187 518-ден астам адамға жеткенін мәлімдеді. Газада соғыс қимылдары өршігеннен бері төрт мектеп пен сегіз медициналық мекеме зақымданған. Израильдегі жағдайға қатысты Қазақстанның Сыртқы істер

министрлігінің баспасөз хатшысы Айбек Смадияров пікір білдірді. Қазақстан көптеген бейбіт тұрғындардың қаза болуына әкеп соққан Палестина-Израиль қақтығысының өршуіне терең алаңдаушылық білдіреді. Сондай-ақ, Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Израильде қонсулдық есепте жоқ 400-ден астам Қазақстан азаматы болуы мүмкін екенін айтты. Бүгінгі таңда Қазақстанның Израильдегі елшілігінде консулдық есепке елшілік қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерін қоса алғанда 77 азамат тіркелген. Израильдің жоғары оқу орындарында Қазақстанның бес студенті оқиды. Сондай-ақ отызға жуық қазақстандық жергілікті түрлі медициналық мекемелерде тағылымдамадан өтіп жатыр. Барлығы – 112 адам. Министрлік мәліметінше, Га-

за секторында Қазақстан азаматтарынан тұратын 25 отбасы бар. Көбі – сол жаққа тұрмысқа шыққан азаматшаларымыз. Келіп түскен хабарламаларға сүйенсек, қазіргі уақытта Израильдің жердегі операцияларына, сонымен қатар жүргізіп жатқан бомбалауына байланысты отбасылардың кейбірі Газа секторынан қауіпсіз орын іздеп жатыр. Айтпақшы, Қазақстанның Тель-Авивтегі елшілігі Израильде жүрген отандастарға үндеу жасады. Тель-Авивтен қазақстандықтарды алып қайтатын «Air Astana» ұшағы Астана уақытымен кеше таңғы 08.00 кезінде Алматыдан ұшып кетті. Қазақстандықтарды мінгізіп, кері қайтатын рейс жергілікті уақытпен түнгі 23.45 шамасында Алматыға қонады.

«СБ» ақпарат

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.